

## **Осман империясы мен Еуропа мемлекеттерінің сыртқы саяси қатынастарында Сербияның тәуелсіздігін алу мәселелері.**

**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің II курс  
PhD докторанты Абдукадыров Н.М.**

**Аңдатпа.** Ұсынылып отырған ғылыми баяндамада, XIX ғасырда Осман империясының құрамында болған Сербияның тәуелсіздік алу мәселелері қарастырылады. Сербтердің тәуелсіздігі жолында Еуропадағы халықаралық саяси процестердің әсері мен Англия, Франция, Австрия, Ресей сынды еуропалық империялардың сербтерге саяси, экономикалық және моральдық қолдау көрсетуінің саяси себептері мен оның нәтижелеріне ғылыми талдау жасалынады.

**Кілт сөздер.** Осман империясы, Еуропа мемлекеттері, Сербия, Тәуелсіздік

XVIII ғасырдың соңында Францияда орын алған буржуазиялық революция Еуропада халықаралық қатынастардың өзгеруіне әкеп соқты. Мұның басты себептерінің бірі, бұл революция Еуропадағы империалистік мемлекеттер құрамында өмір сүрген халықтардың санасында тәуелсіздік идеясының туындауына негіз болды. Францияда орын алған революцияның толқыны басқа да еуропалық империялармен бірге Осман империясына да кері әсерін тигізді. Мұның басты көрінісі - осы уақытта түгел дерлік Осман империясының құрамында болған Балқан халықтарының санасында тәуелсіздік идеясы туындады. Француз революциясынан әсер алған Балқан халықтары, XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында Осман империясынан тәуелсіздік алуға ұмтыла бастады. Олардың ішінде, Осман империясынан тәуелсіздік алуға ұмтылған Балқан халықтарының бірі сербтер болды. Алайда, француз революциясы серб халқының санасында тәуелсіздік идеясын тудырғанымен, олардың осман үкіметіне қарсы күресуге, саяси, экономикалық және моральдық күші болған жоқ. Сербтерге мұндай қолдаулар, XIX ғасырдың басында Англия, Франция, Австро-Венгрия және Ресей сынды еуропалық империялар тарапынан көрсетілді.

XIX ғ. сербтердің Осман империясынан толық тәуелсіздігін алу процесі 70 жылдан астам уақытты қамтыды. Өйткені, сербтердің тәуелсіздік үшін күрестері, XIX ғасырдағы халықаралық жағдайға байланысты үзіліп қалып отырды. Олардың ең алғашқы және күшті бас көтерулері XIX ғасырдың басында болып, оған еуропалық мемлекеттердің ықпалы өте зор болды. Осы ретте, бұл уақытта сербтердің тәуелсіздік алуына негіз қалыптастырған Еуропадағы халықаралық қатынастарға тоқталар болсақ, бұл кезде Еуропада Наполеонның мерейі үстем болып, ол бүкіл Еуропа мемлекеттерін ұлттық мемлекеттерге бөліп, оның барлығына өзі билік жүргізгісі келді [1. 216 б.]. Еуропадағы мұндай саяси ахуалдың алдын алу үшін еуропалық империялар Францияға қарсы өзара одақ құра бастады. Олардың ішінде ең негізгілері Англия мен Ресей және Ресей мен Осман империясының өзара одақтары

болды. Кейіннен Англия мен Ресейдің одағына Австрия қосылды. Алайда, бұл одақтастық әрекеттер ұзақ уақыт өмір сүрген жоқ. Одақтас мемлекеттер бір-бірімен жақын болғанымен, олардың әрқайсысы Еуропадағы өзінің саяси ұстанымдарын алға тартқысы келді. Ал, наполеондық Франция Еуропа халықтарын ұлттық мемлекеттерге бөліп оны бағындыру істерімен айналысуды жалғастырды [2. 182 б.]. Француздар Еуропа империалистерінің қоластындағы халықтарға тәуелсіздік идеясын сіңіруді жоспарлап, сербтерге келді. 1801 жылы Осман империясының Белградтағы өкілі Хажы Мұстафа паша, Босния, Видин, Грекия және Осман империясының Балқандағы басқа аймақтарында француз тыңшыларының революциялық идеяларды таратып, арандатушылық әрекеттерінің жүргізіліп жатқанын осман үкіметіне жеткізді. Алайда, 1802 жылы серб көсемдері француздарға қосылудан Австрияға қосылуды жөн санады. Олар өздерінің Австрияға қосылуға дайын екендігін білдірді. Алайда, Австрия үкіметі, өздерінің Осман империясымен жақсы қатынаста болуына және сол қатынастарды бұзбау үшін олардың ұсыныстарын қабылдамады. Дегенмен, сербтер Австриядан бас тартпастан, олармен саяси қатынастарды жалғастырды [3. 69 б.].

Уақыт өте, Еуропада болып жатқан осындай өзгерістерді пайдаланғысы келген сербтер, ұйымшылдықпен осман үкіметіне жиі-жиі қыр көрсетіп тұратын болды. 1805 жылы сербтер жергілікті осман билігіне қарсы көтеріліс ұйымдастырып, ол басылып тасталынды. Осыдан соң, серб басшылары сырттан көмек қажет екендігін түсініп, олар бұл көмекті Ресейден немесе Австриядан іздеді. Осыдан көп ұзамай, олар жасырын түрде Ресейге өз адамын жібереді де онда сербтердің Осман империясынан тәуелсіздік алуында Ресей үкіметінен көмек сұрайтынын білдіреді. Алайда, бұл кезде Ресейден тиісті қолдау көрсетілмеді. Бұл кезде Наполеон Бонапарт Еуропадағы өзінің басқыншылық әрекеттерін жалғастыра отырып, Осман империясының Балқандағы территорияларына қауіп төндіре бастаған кезде, одақтастық келісім жасаған Ресей, Осман мемлекетіне саяси қолдау көрсетпеді. Наполеондық Францияға қарсы жалғыз өзі қалған Осман империясы онымен жақсы қатынастар орнатуды жөн көріп, елшілер жөнелтті. Осман үкіметінің бұл әрекеттері еуропалықтарға ұнамастан, еуропалық дипломаттар Осман мемлекетіне қысым көрсету қажеттігін алға тартты. Алайда ешқандай нәтижеге жете алмады. 1806 жылы сұлтан III Селім Наполеонның императорлық титулын мойындады [3. 101 б.]. Бұған қарсы болған Ресей империясы сербтерге көмек көрсетуге дайын екендігін білдірді. Жалпы, Ресей империясы Осман империясымен одақтастық келісіміне отырғанымен, оған көмектесуді қалаған жоқ. Керісінше, Ресей түріктердің Еуропада одан сайын әлсірегенін қалады және соның негізінде Осман империясының территориясының бір бөлігін өзіне қаратуды ойластырған. Соның негізінде, Ресей сербтердің тәуелсіздік идеяларын және бұл идеяларды қару етіп, Осман империясына қарсы шығуын қолдады. Сербтер осы кезде Белград қаласы мен Богурделен қамалында ірі көтерілістер ұйымдастырды [4]. Ресей империясы бұл кезеңде Балқанда тек сербтерге ғана емес, сонымен қатар гректерге, черногорларға, босниялықтарға, басқа да

Балқан халықтарында тәуелсіздік идеясының пайда болуы мен олардың Осман империясынан тәуелсіздік алуына саяси, экономикалық және моральдық тұрғыда көмек берген. Ресей империясының бұлай көмек беруінің басты себептері – Балқандағы халықтар Христиан дінінің Православ бағытын ұстанатын еді және олар славян тілдес халықтар болды. Соның негізінде, Ресей үкіметі Балқан халықтарының арасында тәуелсіздік және діни үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, оларды Осман империясына қарсы көтеріліске шақырды. Ресей империясы осындай сыртқы саяси жолдармен Балқан халықтарын Осман империясына айдап салып, оның Балқандағы территорияларына түгел иелік етуді ойластырды. 1807 жылы осындай мақсатпен Ресей үкіметі сербтерге өз өкілін жіберіп, екі жақ арасында келісімшарт қабылданды. Бұл келісімшартқа байланысты, Ресей сербтердің тәуелсіздік үшін жасаған көтерілістерін толық қолдайтынын білдірді. Ал сербтер тәуелсіздік үшін күресті жалғастыратын болды [5. 223 б.].

Осы уақытта сербтердің тәуелсіздік алуы ісінде жасаған көтерілістеріне Австрияның да назары ауды. Австрия үкіметі де Ресей сияқты сербтерді Осман империясына қарсы айдап, салып, соның негізінде Осман империясымен шекаралас жатқан бірнеше қамалдарды өзіне қаратуды жоспарлады. Осыған байланысты, Австрия үкіметі Стамбулдағы өз елшісіне хат жолдап, онда сербтер көтеріліс жасаған Белград қаласы мен Богурделен және Семендирие аймақтарын өзіне қаратып алуды құпия түрде жеткізіп, елшімен ақылдасты. Алайда, елші Осман империясы мен Австрия арасында саяси жанжал туындайтынын баса айтып, бұл істі кейінге қалдыруды сұрады [6]. Бұл кезде сербтердің ішінде осман үкіметіне қарсы көтеріліс ұйымдастыру ісінде Йорг Петрович есімді азамат танылып, ол кейіннен сербтердің саяси лидері атанды. Йорг Петрович сербтердің ішінде ең беделді адамдардың бірі болып, ол сербтердің тәуелсіздік үшін күресте басқа мемлекеттердің жетегінде кетпеуді қатаң ұстанды. Ол жоғарыда көрсетілген Ресей мен Австрияның сербтердің тәуелсіздігіне қатысты өздерінің саяси жоспарлары бар екенін білгендіктен, бұл мемлекеттермен лажы болса жақындаспауды ұйғарды. Серб көсемі ендігі кезекте француз императоры Наполеон Бонапартпен жақындасты. Наполеон серб басшысына сербтердің тәуелсіздік жолында өзінің көмектесетінін жеткізді [7. 106 б.].

Алайда, 1808-1809 жылдары Еуропа мемлекеттері Испания, Франция, Австрия, Ресей империялары бір-бірімен соғысып жатқанда, Осман империясында сербтердің тәуелсіздігіне ешкім назар аудармады. Сондықтан да, сербтер Осман империясына қарсы күресте Ресейге, Балқандағы православ-славян халықтарының басын қосып оларға саяси дем бере отырып осман үкіметіне қарсы айдап салуды ұсынды. Осыған орай, Ресей жағы Сербияға өздерінің бір генералын жіберді. Орыс генералы мұнда келіп, Йорг Петрович пен одан бөлек үш серб қолбасшысына генерал атағын берді. Сонымен қатар, орыс және серб әскерлерінен құралған төрт әскери топты Видин, Ниш, Босния, Зворник аймақтарына жіберді. Бұдан хабар алған осман үкіметі, лезде бұл аймақтарға қорғаныс қарулары мен материалдық көмек күштерін жөнелтті [8]. Көтерілісшілер Черногория территорияларына өтіп,

әскери қақтығыстар мұнда да орын алды. Ресеймен 1806-1812 жылдары болған соғыстың әсерінен өзінің қиын жағдайда тұрғанына қарамастан, осман үкіметі бұл көтерілісті басты. 1806-1812 жылдары болған орыс-түрік соғысы нәтижесінде болған Бухарест келісімі кезінде серб мәселесі де қарастырылып, онда Осман империясы сербтерге кешірім берді.

Бұдан кейін, сербтердің тәуелсіздік үшін күрестері 1815 жылы қайтадан басталды. Оны Милош Обренович басқарып, ол алғашында Ресейге және Осман империясына да ұнамады. Олар тіпті Милош Обреновичтің әрекеттеріне мән бермеді. Милош Обренович Сербия территориясында жиі-жиі тәуелсіздік акцияларын ұйымдастырып, алайда ол осман үкіметі тарапынан бастырылып отырды [9. 86 б.]. Сондықтан, ол ағылшындар мен француздардан көмек сұрайды. Алайда, ағылшындар мен француздар тарапынан көмек бірден бола қоймады. Осы сәтті ұтымды пайдаланғысы келген Ресей үкіметі Сербияға принц Долгорукинді жіберіліп, ол Милош Обреновичпен кездесулер жүргізді. Өйткені, Ресей империясы серб мәселесіне ағылшындар мен француздарды араластырғысы келмеді. Нәтижеде түрлі келісімдер жасалды [10.]. Осы ретте серб көсемінің Ресеймен жақындасуы ағылшындарға ұнамай, ағылшын үкіметі Ресеймен сербтердің ішкі ісіне араласуына жол бермеді және Ресейдің Балқандағы орыстандыру істеріне қарсы болды. Сонымен қатар, Англия Сербияны өз бақылауына алғысы келген. Алайда, Осман империясы Стамбулға келген ағылшын консулына Англияның серб мәселелеріне араласпауын ескертті [11.]. Ресей де Англияның серб мәселелеріне араласуын қаламады. Сербияның тәуелсіздік мәселелеріне тек Ресей мен Осман империясының ғана қатысы болып, олар үшінші бір мемлекетті бұл іске араластырғысы келмеді. Осыдан соң, Ресей үкіметі сербтердің мәселесіне Англияны араластырмауды сұрап, оған арнайы нота жолдады [12.]. Осыған орай, Ресей мен Осман империясының арасында саяси тартыс орын алды. Сербия территориялары үшін болған тартыстардың нәтижесі, 1826 жылы Ресей мен Осман империясының арасында жасалған Ақкерман келісімінен соң, оның автономиялы серб княздігінің құрылуымен аяқталады. Сонымен қатар, 1829 жылы орыс-түрік соғысы нәтижесінде жасалған Адрианополь келісімінде де серб мәселесі көтеріліп, оның автономиялық құқығы нығая түседі. Алайда Сербия өз территорияларын толық автономияландыра алмады және Осман империясына төленетін салық тоқтатылмады [13. 98 б.]. Осы аталған негізгі мәселелерді шешу үшін олар осман үкіметіне қарсы қайта көтеріле бастады. 1853 жылы Сербияда толық тәуелсіздік үшін күрестер басталып, оған енді Австрия араласа бастады. Өйткені, Австрия да сербтердің көтерілісін пайдаланып, әуелі сербтерді, одан соң, оның айналасындағы халықтарды өзіне қаратқысы келген. Алайда, Австрия үкіметінің бұл бастамасы нәтижесіз қалды. Өйткені, Осман үкіметі Сербиядағы істерге Австрияның араласпауын сұрады [14.]. Серб мәселесі Осман империясы мен еуропалық империялар арасында 1854 жылы Қырым соғысы кезінде де туындады. Бұл кезде Ресей империясы Сербиядағы сыртқы саяси әрекеттерін жалғастырды. Мұнда Ресейдің Белградтағы консулы Мевхин белсенді әрекеттер жүргізді. Ол

мұнда жергілікті серб халқын көтеріліс жасауға үгіттеген. Мұны білген осман үкіметі ресейлік арандатушылардың Сербиядағы мұндай істеріне тосқауыл қойған. Соның негізінде Сербиядағы Ресей консулының Сербия территориясына кіріп-шығуына қиындықтар туындады [15.].

1876 жылы Босния және Герцеговинада шыққан азаттық көтерілістерді басу үшін және ол территорияларды өзіне қосып алу үшін, Сербия осман үкіметіне талап қойды. Алайда, мұндай масқара талапқа осман үкіметі күшпен жауап қайтарды. Оған қарсы Сербия мен Черногория бірігіп және Ресей империясының саяси қолдауын ие болып, соның арқасында Осман империясына қарсы соғыс жариялады [16. 504 б.]. 1876 жылы 8 шілде күні Австрия мен Ресей Рейхштадт келісіміне қол қойды [17. 144-148 б.б.]. Келісімшарт бойынша, Австрия мен Ресей соғысқа араласпай, керісінше оның аяқталуын күтті. Сонымен қатар, егер соғыста Осман империясы жеңіске жетсе, соғысқа дейінгі жағдай жалғасатын болады. Егер, Осман империясы соғыста жеңіліс тапса, Австро-Венгрия, Сербия және Черногория үшеуі бірігіп, Босния мен Герцеговина территорияларын өзара бөліске салатын болды. Ал егер, Осман империясы өте ауыр жеңіліске ұшырайтын болса, онда Балқанда Болгария, Албания және Шығыс Румелия сияқты мемлекеттер құрылатын болды. Алайда, соғыс барысында Сербия жеңіліске ұшырап, 1876 жылы 24 тамызда еуропалық ұлы империялардан саяси және экономикалық қолдау сұрайды [18. 61 б.]. Осы кезде Ұлыбританияның Осман империясындағы елшісі Г.Эллиот Осман империясынан Босния және Герцеговина мен Болгарияға автономия беруді, сондай-ақ, Сербия мен Черногорияның бұрынғы күйінде қалуын сұрап өтініш білдіреді. Алайда, бұл өтініштер толығымен орындалмайтын болып шешілді [19.].

Осы кезеңде еуропалық империялар арасында «Шығыс мәселесін» шешу жұмыстары көптеп жүргізілді және осыған орай, 1877 жылы Лондонда халықаралық конференция ұйымдастырылды. Онда негізгі саяси мәселелер Осман империясының Балқан территориялары жөнінде көтеріліп, еуропалық империялар Осман империясынан Балқан халықтарын автономия және тәуелсіздік беруді талап етті. Солардың ішінде, серб мәселесі де қарастырылды [20. 49 б.]. Алайда, Осман империясы Лондон хаттамасының шешімдерінен толық бас тартты. Осыған байланысты, Ресей империясы Осман империясына соғыс жариялады. 1877-1878 жылдары болып өткен кезекті орыс-түрік соғысы нәтижесінде Осман империясы ауыр жеңіліске ұшырады. Соғыс қорытындысын жасаған Сан-Стефано келісімінде сербтердің толық тәуелсіздігі туралы мәселелер де қарастырылды. [21. 458-460 б.б.]. Мұнда Сербияға толық тәуелсіздік бермесе де оның оңтүстіктегі аудандарын қосып беру туралы шешімдер қабылданды. Алайда, еуропалық империялар Сан-Стефано келісімінің шешіміне қанағаттанбай, 1878 жылы Берлинде тағы бір халықаралық жиын өткізді. Мұнда көптеген халықаралық мәселелер көтеріліп, солардың бірі Сербия мәселесі болды. Сербия мәселесіне Ресей мен Англия белсене араласты. Сөйтіп Берлин конгресінде ұзаққа созылған саяси тартыстар нәтижесінде, Сербия 1878 жылы конгрестің шешіміне сәйкес, Осман империясынан толық тәуелсіздік алды [22. 86 б.].

Қорыта айтқанда, ХІХ ғасырда Сербия мәселесі еуропалықтар мен Осман империясы арасындағы ең өзекті мәселелердің бірі болды. Сыртқы саясатта орын алған өзгерістер мен халықаралық қатынастардың құбылуына байланысты, Сербияның Осман империясынан тәуелсіздік алу процесі 70 жылдан астам уақытты қамтыды. Дегенмен, сербтерге еуропалық империялар тарапынан саяси және экономикалық қолдау болмағанда олар Осман империясынан тәуелсіздік ала алмас еді. Сербтердің және басқа да Балқан халықтарына еуропалықтардың бұлай көмек көрсетуі, еуропалықтардың Осман империясының территорияларын өзара бөліске салумен сипатталды. ХVІІІ-ХІХ ғ.ғ. ішкі және сыртқы саясат пен экономикада құлдырау процесін бастан кешіріп, соның негізінде «Еуропаның ауру адамы» атын иеленген Осман империясы, еуропалықтардың біріккен саяси қысымына төтеп бере алмай, ХІХ ғ асырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында құлдырады. Еуропалық империялардың араласуы нәтижесінде сербтердің тәуелсіздік алуы Осман империясының құлдырауының басты көріністерінің бірі болды.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі.**

1. Манфред А. З. Наполеон Бонапарт. – М.: Мысль, 1987. – С. 735 .
2. Брюс Р., Дикки Й., Кайли К., Павкович М., Шнейд Ф. Войны и сражения эпохи Наполеона 1792-1815. – М.: ЭКСМО, 2009. – С. 272
3. Aslantaş Selim. Osmanlı'da Sırp İsyanları. İstanbul. Kitap Yayınevi. 2007 –S. 248
4. ВOA, 148/6244 НАТ. (Başbakanlı Osmanlı Arşivi). Түркия Республикасы премьер-министрлігіне қарасты Осман мұрағатының қоры.
5. Jelavich Barbara. Balkanlar tarihi. С 1. İstanbul. Küre yayınları. 2006. – S. 378
6. ВOA, 1281/49644 НАТ.
7. Enver Ziya Karal. Osmanlı tarihi. С 5. Ankara. ТТК Yayınları. 1994
8. ВOA, 425/21832 НАТ.
9. Матвеев Г.Ф., Ненашева З.С. (ред.) История южных и западных славян: Том 1. Средние века и Новое время. 2-е изд. – М.:Изд-во МГУ, 2001. – С. 692
10. ВOA, 1122/44926 – Ç НАТ
11. ВOA, 1118/44899 – I НАТ.
12. ВOA, 1118/44898–A НАТ.
13. Шильдер Н. К. // Император Николай I, его жизнь и царствование. Книга 1-я – М.:2000. – С. 211
14. ВOA, 139/90 А, МКТ.
15. ВOA, 154/48, А, МКТ
16. Armaoğlu Fahir. 19 Yüzyıl Siyasi Tarihi. Ankara ТТК Yayınları. 1999
17. Сборник договоров России с другими государствами (1856-1917). М.: Гос. изд-тво политической литературы, 1952. – С. 463.
18. Arpacı Seyfullah. Sultan II Abdülhamid. İstanbul. Kitap Yayınevi. 2007
19. ВOA, 84/80, Н. ЕЕ.
20. Türkgeldi Ali Fuad. Mesail-i Mühime-i Siyasiye. С.2 Ankara. ТТК Yayınları. 1987.

21. Дебидур А. Дипломатическая история Европы. Ростов-на-Дону: Феникс, 1995. Т. 2 – С. 508.
22. Анучин Д. Г. Берлинский конгресс 1878 года : [Дневник, веденный на месте Д. Г. Анучиным]. СПб., 1912. – С.116